

Туристік қызмет (туроператор, турагент) және ойын бизнесі саласындағы тексерулер бойынша тексеру парақтарының нысандарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің м.а. 2010 жылғы 16 ақпандағы N 01-01-07/27 және Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2010 жылғы 18 ақпандағы N 78 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 10 наурызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6118 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің м.а 2011 жылғы 13 қыркүйектегі № 02-02-18/181 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің м.а. 2011 жылғы 16 қыркүйектегі № 297 бірлескен бұйрығымен

Күші жойылды - ҚР Туризм және спорт министрінің м.а 2011.09.13 № 02-02-18/181 және ҚР Экономикалық даму және сауда министрінің м.а. 2011.09.16 № 297 (ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

«Жеке кәсіпкерлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 38-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Тексерулер бойынша мынадай:
туристік қызмет (туроператор, турагент) саласындағы, осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;
ойын бизнесі саласындағы (казино), осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес;
ойын бизнесі саласындағы (ойын автоматтары залы), осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес;
ойын бизнесі саласындағы (букмекер кеңсесі), осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес;

ойын бизнесі саласындағы (тотализатор), осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес тексеру парақтарының нысандары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитеті (Қ.Ғ.Кәкен):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Туризм және спорт

министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Туризм және спорт вице-министрі Қ.А. Өскенбаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

5. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Туризм және спорт
министрінің міндетін
атқарушы

Қазақстан Республикасының
Экономика және бюджеттік
жоспарлау министрі
_____ Б.Сұлтанов

_____ Т.Ермегияев

Қазақстан Республикасы
Туризм және спорт министрінің
міндетін атқарушының

2010 жылғы 16 ақпандағы

№ 01 - 01 - 07 / 27 және

Қазақстан Республикасы

Экономика және бюджеттік

жоспарлау министрінің

2010 жылғы 18 ақпандағы

№ 78 бірлескен бұйрығына

1-қосымша

нысан

Туристік қызмет (туроператор, турагент) саласындағы тексеру бойынша тексеру парағы

Тексеру тағайындау туралы актінің № _____

Құқықтық статистика жөніндегі органның тіркеу № _____

Туроператордың, турагенттің атауы _____

Орналасқан орнының мекенжайы _____

БСН, ЖСН (СТН) _____

№	Талаптар тізбесі
1	Туроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының болуы.
2	Туристік қызмет көрсетуге жасалған жазбаша шартының болуы.
3	Меншікті кеңсесінің немесе кеңсе үшін жалға алған үй-жайының болуы.
4	Туристік білімі бар қызметкердің, соның ішінде гидтердің (гид-аудармашылардың), экскурсоводтардың, туризм нұсқаушыларының қызметін көрсетуге лицензиясы бар туризм нұсқаушыларының болуы.

5	Туроператормен оның турөнімін іске асыруға – турагенттік қызметке арналған шартының болуы.
6	Туристік жолдаманың және туристік жадынаманың болуы.
7	Туристерге қызмет көрсету бағдарламасының - туроператорлық қызметке арналған бағдарламасының болуы.
8	Меншікті немесе жалға алынған материалдық базасының және (немесе) туристік өнімге кіретін, жекелеген қызметтерді ұсынатын тұлғалармен шарттардың болуы.
9	Туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың туристерге уақытша болатын елге (жерге) бару, уақытша болған елден (жерден) шығу және сонда болу ережелері туралы, заңнамасы туралы, жергілікті халықтың салт-дәстүрлері туралы, діни әдет-ғұрпы, қасиетті орындары, табиғи, мәдени ескерткіштері және туристерге көрсетілетін, ерекше қорғаудағы басқа да объектілер, қоршаған ортаның жай-күйі туралы, сондай-ақ саяхат жасаған уақытта тап болуы мүмкін қауіптер туралы қажетті және дұрыс ақпаратты қамтитын мәліметтерді уақтылы бергені туралы жазбаша растаудың болуы және туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған алдын алу шараларын жүзеге асыруы.
10	Туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың уәкілетті орган мен табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органға, сондай-ақ туристің отбасына саяхат кезінде туристің төтенше жағдайға ұшырағаны туралы ақпаратты кідіріссіз ұсынғаны туралы растаудың болуы. Сондай-ақ, егер шетелдік туристер Қазақстан Республикасының аумағында немесе Қазақстан Республикасының турист азаматтары Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде төтенше жағдайға ұшыраған болса, туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың дипломатиялық қызмет органдарына ақпарат ұсынуы.

Уәкілетті органның лауазымды тұлғасы:

_____ (лауазымы)

_____ (қолы)

_____ (Т.А.Ә.)

Бақылау субъектісі:

_____ (лауазымы)

_____ (қолы)

_____ (Т.А.Ә.)

Күні: _____

Қазақстан Республикасы
Туризм және спорт министрінің
міндетін атқарушының

2010 жылғы 16 ақпандағы

№ 01 - 01 - 07 / 27 және

Қазақстан Республикасы
Экономика және бюджеттік
жоспарлау министрінің

2010 жылғы 18 ақпандағы

№ 78 бірлескен бұйрығына

2-қосымша
нысан

**Ойын бизнесі саласындағы
тексеру бойынша тексеру парағы – казино**

Тексеру тағайындау туралы актінің № _____

Құқықтық статистика жөніндегі органның тіркеу № _____

Ойын бизнесі субъектісінің атауы _____

Казино атауы _____

Орналасқан орнының мекенжайы _____

БСН, ЖСН (СТН) _____

№	Талаптар тізбесі
1	Казино тұрғын үй қорынан тысқары ғимаратта орналасады.
2	Ойын бизнесін ұйымдастырушыда әрбір ойын мекемесіне арналған міндетті резервтер түріндегі (тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштермен есептелген) қамтамасыз етудің болуы, яғни Қазақстан Республикасының аумағындағы банктерде орналастырылған, банк пен клиент арасында бірінші талап бойынша салымды беру шартымен (өзі талап ететін салым) жасалатын шарт негізінде. Казино үшін міндетті резерв 25000 АЕК құрайды.
3	Ойын бизнесін ұйымдастырушының Қазақстан Республикасының аумағында онлайн-казиноны ұйымдастыруды және өткізуді не ақшадан басқа, өзге мүлік түріндегі ставкаларды қабылдауды көздейтін құмар ойындарын және (немесе) бәс тігу ойындарын ұйымдастыруды жүзеге асыруы.
4	Ойын мекемесінің кассалары жазылған ақпараттың кемінде жеті күн бойы сақталуын және құмар ойындарына және (немесе) бәстігу ойындарына барлық қатысушылардың әрекетін тіркеп отыруды қамтамасыз ететін бейнежазу жүйелерімен жабдықталған.
5	Казинода кемінде жиырма ойын столдары орнатылған.
6	Ойын бизнесін ұйымдастырушы құмар ойындарына және (немесе) бәс тігу ойындарына қатысушыларға ұтыстар төлеуді жүргізілетін құмар ойындары және (немесе) бәс тігу ойындары ережелерінде көзделген мөлшерде және мерзімде, бірақ осы құмар ойындарының және (немесе) бәс тігу ойындарының нәтижелерін шығарған сәттен бастап үш күнтізбелік күннен кешіктірмей жүргізеді.
7	Міндетті резервтер сомасы 25000 АЕК төмендеген жағдайда, ойын бизнесін ұйымдастырушы осындай төмендеу болған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде міндетті резервтерді осы сомаға дейін толықтырады.
8	Ойын бизнесін ұйымдастырушылардың банктік салым шартын жасаған кезде ашылған банктік шоттар бойынша ақшалардың бар болуы және қозғалысы туралы анықтаманы уәкілетті органға уақтылы беруі.
9	Ойын мекемесінің жұмыс істеу, ставкалар қабылдау және жүргізілетін құмар және (немесе) бәс тігу ойындарының ережесі онымен құмар ойындарына және (немесе) бәс тігу ойындарына қатысушыларды таныстыру үшін мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалып, көрнекі орынға орналастырылған.

Уәкілетті органның лауазымды тұлғасы:

(лауазымы) (қолы) (Т.А.Ә.)

Бақылау субъектісі:

(лауазымы) (қолы) (Т.А.Ә.)

Күні: _____

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Т у р и з м ж әне с п о р т м и н и с т р і н і ң
м і н д е т і н а т қ а р у ш ы н ы ң
2 0 1 0 ж ы л ғы 1 6 а қ п а н д а ғы

№ 01 - 01 - 07 / 27 және
Қазақстан Республикасы
Экономика және бюджеттік
жоспарлау министрінің
2010 жылғы 18 ақпандағы
№ 78 бірлескен бұйрығына
3-қосымша
нысан

Ойын бизнесі саласындағы тексеру бойынша тексеру парағы – ойын автоматтары залы

Тексеру тағайындау туралы актінің № _____
Құқықтық статистика жөніндегі органның тіркеу № _____
Ойын бизнесі субъектісінің атауы _____
Ойын автоматтары залының атауы _____
Орналасқан орнының мекенжайы _____
БСН, ЖСН (СТН) _____

№	Талаптар тізбесі
1	Ойын автоматтары залы тұрғын үй қорынан тысқары ғимаратта орналасады.
2	Ойын автоматына технологиялық салынған ұтыс пайызы тоқсан пайыздан төмен емес.
3	Ойын бизнесін ұйымдастырушыда әрбір ойын мекемесіне арналған міндетті резервтер түріндегі (тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштермен есептелген) қамтамасыз етудің болуы, яғни Қазақстан Республикасының аумағындағы банктерде орналастырылған, банк пен клиент арасында бірінші талап бойынша салымды беру шартымен (өзі талап ететін салым) жасалатын шарт негізіндегі. Ойын автоматтары залы үшін міндетті резерв 25000 АЕК құрайды.
4	Ойын автоматтарын және олардың бөліктерін ойын автоматтары залының қабырғаларына, терезе және есік жақтауларына орнатуға тыйым салынған.
5	Ойын бизнесін ұйымдастырушының Қазақстан Республикасының аумағында онлайн-казино ұйымдастыруды және жүргізуді не ақшадан басқа, өзге мүлік түріндегі ставкаларды қабылдауды көздейтін құмар ойындарын және (немесе) бәс тігу ойындарын ұйымдастыруды жүзеге асыруы.
6	Ойын мекемесінің кассалары жазылған ақпараттың кемінде жеті күн бойы сақталуын және құмар ойындарына және (немесе) бәстігу ойындарына барлық қатысушылардың әрекетін тіркеп отыруды қамтамасыз ететін бейнежазу жүйелерімен жабдықталған.
7	Ойын автоматтары залында кемінде елу ойын автоматтары орнатылған.
8	Ойын бизнесін ұйымдастырушы құмар ойындарына және (немесе) бәстігу ойындарына қатысушыларға ұтыстар төлеуді жүргізлетін құмар ойындары және (немесе) бәс тігу ойындары ережелерінде көзделген мөлшерде және мерзімде, бірақ осы құмар ойындарының және (немесе) бәс тігу ойындарының нәтижелерін шығарған сәттен бастап үш күнтізбелік күннен кешіктірмей жүргізеді.
9	Міндетті резервтер сомасы 25000 АЕК төмендеген жағдайда, ойын бизнесін ұйымдастырушы осындай төмендеу болған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде міндетті резервтерді осы сомаға дейін толықтырады.

10	Ойын мекемесінің жұмыс істеу, ставкалар қабылдау және жүргізілетін құмар және (немесе) бәс тігу ойындарының ережесі онымен құмар ойындарына және (немесе) бәс тігу ойындарына қатысушыларды таныстыру үшін мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалып, көрнекі орынға орналастырылған.
11	Ойын бизнесін ұйымдастырушы банктік салым шартын жасаған кезде ашылған банктік шоттар бойынша ақшалардың бар болуы және қозғалысы туралы анықтаманы уәкілетті органға уақтылы беруі.

Уәкілетті органның лауазымды тұлғасы:

(лауазымы) (қолы) (Т.А.Ә.)

Бақылау субъектісі:

(лауазымы) (қолы) (Т.А.Ә.)

Күні: _____

Қазақстан Республикасы
Туризм және спорт министрінің
міндетін атқарушының
2010 жылғы 16 ақпандағы
№ 01 - 01 - 07 / 27 және
Қазақстан Республикасы
Экономика және бюджеттік
жоспарлау министрінің
2010 жылғы 18 ақпандағы
№ 78 бірлескен бұйрығына
4-қосымша
нысан

**Ойын бизнесі саласындағы
тексеру бойынша тексеру парағы – букмекер кеңсесі**

Тексеру тағайындау туралы актінің № _____

Құқықтық статистика жөніндегі органның тіркеу № _____

Ойын бизнесі субъектісінің атауы _____

Букмекер кеңсесінің атауы _____

Орналасқан орнының мекенжайы _____

БСН, ЖСН (СТН) _____

№	Талаптар тізбесі
1	Букмекер кеңсесі немесе оның кассасы тұрғын үй қорынан тысқары ғимаратта орналасады.
2	Ойын бизнесін ұйымдастырушыда әрбір ойын мекемесіне арналған міндетті резервтер түріндегі (тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштермен есептелген) қамтамасыз етудің болуы, яғни Қазақстан Республикасының аумағындағы банктерде орналастырылған, банк пен клиент арасында бірінші талап бойынша салымды беру шартымен (өзі талап ететін салым) жасалатын шарт негізінде. Букмекер кеңсесі үшін міндетті резервтер 20 000 АЕК құрайды.

3	Ойын бизнесін ұйымдастырушының Қазақстан Республикасының аумағында онлайн-казиноны ұйымдастыруды және өткізуді не ақшадан басқа, өзге мүлік түріндегі ставкаларды қабылдауды көздейтін құмар ойындарын және (немесе) бәс тігу ойындарын ұйымдастыруды жүзеге асыруы.
4	Ойын мекемесінің кассалары жазылған ақпараттың кемінде жеті күн бойы сақталуын және құмар ойындарына және (немесе) бәстігу ойындарына барлық қатысушылардың әрекетін тіркеп отыруды қамтамасыз ететін бейнежазу жүйелерімен жабдықталған.
5	Ойын бизнесін ұйымдастырушының аппараттық-программалық кешені мен ойын жабдығы арқылы жасалған ставкалардың жалпы сомасын қабылдауды, бірыңғай есепке алуды, бәс тігуге қатысушылардың ставкаларын өндеуді және ұтыстарын төлеуді жүзеге асыруы және қамтамасыз етуі.
6	Ойын бизнесін ұйымдастырушы құмар ойындарына және (немесе) бәстігу ойындарына қатысушыларға ұтыстар төлеуді жүргізілетін құмар ойындары және (немесе) бәстігу ойындары ережелерінде көзделген мөлшерде және мерзімде, бірақ осы құмар ойындарының және (немесе) бәс тігу ойындарының нәтижелерін шығарған сәттен бастап үш күнтізбелік күннен кешіктірмей жүргізеді.
7	Міндетті резервтер сомасы 20 000 АЕК төмендеген жағдайда, ойын бизнесін ұйымдастырушы осындай төмендеу болған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде міндетті резервтерді осы сомаға дейін толықтырады.
8	Ойын мекемесінің жұмыс істеу, ставкалар қабылдау және жүргізілетін құмар және (немесе) бәс тігу ойындарының ережесі онымен құмар ойындарына және (немесе) бәс тігу ойындарына қатысушыларды таныстыру үшін мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалып, көрнекі орынға орналастырылған.
9	Ойын бизнесін ұйымдастырушының банктік салым шартын жасаған кезде ашылған банктік шоттар бойынша ақшалардың бар болуы және қозғалысы туралы анықтаманы уәкілетті органға уақтылы беруі.

Уәкілетті органның лауазымды тұлғасы:

(лауазымы)

(қолы)

(Т.А.Ә.)

Бақылау субъектісі:

(лауазымы)

(қолы)

(Т.А.Ә.)

Күні: _____

Қазақстан Республикасы
Туризм және спорт министрінің
міндетін атқарушының
2010 жылғы 16 ақпандағы
№ 01 - 01 - 07 / 27 және
Қазақстан Республикасы
Экономика және бюджеттік
жоспарлау министрінің
2010 жылғы 18 ақпандағы
№ 78 бірлескен бұйрығына
5-қосымша
нысан

**Ойын бизнесі саласындағы
тексеру бойынша тексеру парағы – тотализатор**

Тексеру тағайындау туралы актінің № _____

Құқықтық статистика жөніндегі органның тіркеу № _____

Ойын бизнесі субъектісінің атауы _____

Тотализатордың атауы _____

Орналасқан орнының мекенжайы _____

БСН, ЖСН (СТН) _____

№	Талаптар тізбесі
1	Тотализатор тұрғын үй қорынан тысқары ғимаратта орналасады.
2	Ойын бизнесін ұйымдастырушыда әрбір ойын мекемесіне арналған міндетті резервтер түріндегі (тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштермен есептелген) қамтамасыз етудің болуы, яғни Қазақстан Республикасының аумағындағы банктерде орналастырылған, банк пен клиент арасында бірінші талап бойынша салымды беру шартымен (өзі талап ететін салым) жасалатын шарт негізінде. Тотализатор үшін міндетті резервтер 5 000 АЕК құрайды.
3	Ойын бизнесін ұйымдастырушының Қазақстан Республикасының аумағында онлайн-казиноны ұйымдастыруды және өткізуді не ақшадан басқа, өзге мүлік түріндегі ставкаларды қабылдауды көздейтін құмар ойындарын және (немесе) бәс тігу ойындарын ұйымдастыруды жүзеге асыруы.
4	Ойын мекемесінің кассалары жазылған ақпараттың кемінде жеті күн бойы сақталуын және құмар ойындарына және (немесе) бәстігу ойындарына барлық қатысушылардың әрекетін тіркеп отыруды қамтамасыз ететін бейнежазу жүйелерімен жабдықталған.
5	Ойын бизнесін ұйымдастырушы аппараттық-программалық кешені мен ойын жабдығы арқылы жасалған ставкалардың жалпы сомасын қабылдауды, бірыңғай есепке алуды, бәс тігуге қатысушылардың ставкаларын өндеуді және ұтыстарын төлеуді жүзеге асыруы және қамтамасыз етуі.
6	Ойын бизнесін ұйымдастырушы нәтижесіне қатысты олар ставкалар жасаған, бәс тігуге қатысушыларға оқиғаның дамуын және аяқталуын бақылауға мүмкіндік беретін ойын жабдығын орнатуы.
7	Ойын бизнесін ұйымдастырушы құмар ойындарына және (немесе) бәстігу ойындарына қатысушыларға ұтыстар төлеуді жүргізлетін құмар ойындары және (немесе) бәс тігу ойындары ережелерінде көзделген мөлшерде және мерзімде, бірақ осы құмар ойындарының және (немесе) бәс тігу ойындарының нәтижелерін шығарған сәттен бастап үш күнтізбелік күннен кешіктірмей жүргізеді.
8	Міндетті резервтер сомасы 5 000 АЕК төмендеген жағдайда, ойын бизнесін ұйымдастырушы осындай төмендеу болған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде міндетті резервтерді осы сомаға дейін толықтырады.
9	Ойын бизнесін ұйымдастырушының банктік салым шартын жасаған кезде ашылған банктік шоттар бойынша ақшалардың бар болуы және қозғалысы туралы анықтаманы уәкілетті органға уақтылы беруі.
10	Ойын мекемесінің жұмыс істеу, ставкалар қабылдау және жүргізілетін құмар және (немесе) бәс тігу ойындарының ережесі онымен құмар ойындарына және (немесе) бәс тігу ойындарына қатысушыларды таныстыру үшін мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалып, көрнекі орынға орналастырылған.

Уәкілетті органның лауазымды тұлғасы:

_____ (лауазымы) (қолы) (Т.А.Ә.)

Бақылау субъектісі:

_____ (лауазымы) (қолы) (Т.А.Ә.)

Күні: _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК